

Облыс әкімиятының кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы әкімиятының 2005 жылғы 14 мамырдағы N 149 қаулысы. Жамбыл облыстық әділет департаментінде 2005 жылғы 30 мамырда N 1620 тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 2016 жылғы 11 қаңтардағы № 3 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 11.01.2016 № 3 қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 ақпандағы " Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу ережесін бекіту туралы" N 110 қаулысына сәйкес және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының негізінде облыс әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жамбыл облысы әкімиятының кейбір қаулыларына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) Жамбыл облысы әкімиятының 2005 жылғы 24 ақпандағы "Жамбыл облысындағы шағын кәсіпкерлікті қолдауға және дамытуға облыстық бюджеттен кредиттер беру туралы" N 49 қаулысында (2005 жылғы 16 наурызда N 1577 тіркелді):

4-тармақ алынып тасталсын.

2) Жамбыл облысы әкімиятының 2005 жылғы 17 наурыздағы "Облыс ауыл шаруашылығын қолдауға және дамытуға облыстық бюджеттен кредит беру туралы" N 84 қаулысында (2005 жылғы 8 сәуірде N 1600 тіркелді):

3-тармақ алынып тасталсын.

2. Облыс Әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық бөлімі осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіреуден өткізілуін қамтамасыз етсін.

Облыс Әкімі

Б. Жексембин